

Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ

21.02.2023 жыл
Сағ: 15.00

№4

Бейнеу ауылы

Өткізілген жері: Аудан әкімдігінің мәжіліс залы.

Қатысқандар: Бейнеу ауданының әкімі Б.Әбілов, аудан әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік мекеме, кәсіпорын басшылары.

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Бүгінгі отырысқа Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелерінің 11 (он бір) мүшесі қатысып отыр. Қалған 4 (төрт) мүшесі белгілі себептермен қатыса алмай отыр. Қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің саны отырысты ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан отырыс ашылсын деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса отырысты ашық деп жариялаймын.

Отырыстың күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылып отыр:

Бейнеу ауданы әкімдігінің 2022 жылы атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысын тыңдау.

Күн тәртібіндегі мәселелерге қосып алатындарыңыз бар ма?

Жоқ болса, күн тәртібі бекітілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға көшеміз.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Бейнеу ауданының әкімі Б.Әбіловке сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі Н.Айлашова: Қазіргі таңда отбасыдағы қыз-балалардың тәрбиесіне қатысты білім беру ұйымдарында тәрбие сағаттарын ұйымдастыруды ұсынамын.

Сұрақ: Қоғамдық кеңес мүшесі М.Кенжебаев: Автогаз лимитін көбейтуге болмай ма?

Жауап: Аудан әкімі Б.Әбілов: Біздер басқа аудандарға қарағанда көбірек алып отырмыз. Алдағы уақытта лимит көтеруге ұсыныс береміз.

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі М.Кенжебаев: Аудандағы қоғамдық орындарға автотұрақ салуды ұсынамын.

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Қалданов: Қоғамдағы өзекті мәселелерді аудан әкімдігімен, мәслихат депутаттарымен, мекеме, кәсіпорын басшыларымен етене араласып, қоғамдық тәрбиеге, ауылдың дамуына, көркеюіне бірлесе отырып өз үлестеріңізді қосуды ұсынамын.

Сонымен қатар ауданда жаз мезгілінде су жетіспеушілігі болады. Осы су мәселесін шешу үшін тамшылатып суару әдісіне көшуіміз керек. Ең алдымен тамшылатып суару әдісі мектептер мен мекемелерден басталса, алдағы уақытта ауыл халқыда көшетін болады.

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі Б.Ізбасқанов: Бейнеу ауылындағы Сүгір мен Жылқыбаев көшелерінің арасындағы ашық жерге халық демалатындай саябақ салуды ұсынамын.

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, Бейнеу ауданының әкімі Б.Әбіловтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, аудан әкімі Б.Әбіловтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Қарар қабылданды:

Құрметті отырысқа қатысушылар, Қоғамдық кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді толықтай қарап келесідей қарар етеді:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 – бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Бейнеу ауданының әкімі Б.Әбіловке қанағаттандыруарлық деген баға берілсін.

2. Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан түскен ұсыныстар қаперге алынсын.

3. Ұсыныстардың орындалысы туралы ақпарат 15 күн ішінде Қоғамдық кеңеске жазбаша түрде жолдансын.

4. Хаттаманы жолдау Қоғамдық кеңестің хатшысы Қ.Бортановаға жүктелсін.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Т.Амалбаев

Қоғамдық кеңес хатшысы



Қ.Бортанова